

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: «Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІІ. – С.7-9

ІШКІ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖОБАСЫН ЛАНДШАФТТЫҚ НЕГІЗДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Абдуқали А.Е., Салимова С.Р. 1 курс студенттері

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Жерге орналастырудың экологиялық, әлеуметтік, экономикалық және басқа шаралар жүйесі ретінде әкімшіліктік-территориялық бөліністер деңгейлеріне, өндірісті шаруашылықтық ұйымдастырудың нақты жағдайларына және табиғатты пайдалануға қолданбалы жер пайдаланушылықтарды тиімділендіру мәселелерін шешуге арналған дәстүрлі бағыттары бар.[1] Жерді тиімді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру, әсіресе ауылшаруашылығымен дәстүрлі айналысатын аудандар үшін өте өзекті мәселелердің бірі. Жер иеліктері мен жер пайдаланушылықтар жүйесін қайта құруға, межелердің өзгертілуіне, өндіріс қарқындылығы деңгейінің төмендеуіне, ауыспалы егістердің бұзылуына байланысты эрозияның күшейіп дамуы, топырақтың тұздануы, қарашірік қабатының төмендеуі, топырақтың деградацияға ұшырауы, егістіктерді арамшөптер басуы және т.б. келеңсіз құбылыстар болуы мүмкін. Осыған байланысты ауылшаруашылық кәсіпорындар жерлерін пайдалану мен қорғауды ландшафттық негізде ішкішаруашылық жерге орналастыру әдістерімен ұйымдастыру күн сайын айқындалып, кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр.[7]

Әдетте ландшафт табиғи және антропогенді компоненттердің өзара байланысынан құралатын белгілі бір территориялық жүйе деген ұғымды білдіреді. Табиғи ландшафттардың сипатты ерекшелігі олар өзінің экологиялық жағдайларын реттестіретін немесе жаңа ландшафт құрап өзгеріп отыратын өзара байланысты жүйе болып табылады. Ландшафттың бұзылуы адамның табиғат ортасын қайта құруымен себептеледі. Сондықтан ауылшаруашылық ландшафттарын тиімді пайдалану міндеттерінің бірі табиғи ландшафттық байланыстардың сақталуын, ал антропогендік компоненттер мен жерді ауыл шаруашылығында пайдалану жүйесі ландшафтты-экологиялық тепе- теңдікті ескере отырып жобалауды

қамтамасыз ету болып табылады. Ауылшаруашылық кәсіпорындарды жерге орналастыру кезіндегі осындай көзқарас территорияны ландшафттық негізде ұйымдастыру деп аталады. Ландшафттың барлық табиғи компоненттері олардың өзара байланысы мен жер пайдаланушылық сипатына тигізетін әсері тұрғысынан қарастырылады. Территорияның табиғи қасиеттері мен ландшафттық жағдайларын талдай отырып, антропогенді факторлардың әсері мен ауылшаруашылық өндірісіне қолайсыздық тудыратын процестердің пайда болуын ескеру қажет. Берілген зерттеудің міндеті ландшафты ескере отырып, ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларының құрамында территорияны ұйымдастыру және оның тиімділігін анықтау болып табылады.[5]

Экономикалық дамудың маңызды мәселелерін шешу мен жер қатынастырын реформалау және территорияны ұйымдастыру кезінде экология салдарын ескермеу мүмкін емес. Бұл объективті қажеттілік ретінде ландшафттық негізді жан-жақты ескере отырып, жерге орналастыру мен ауылшаруашылық кәсіпорындардың қазіргі кездегі даму стратегиясын анықтайды. Жерді тиімді пайдалану тәсілдері ландшафттық тұрғыдан, ал ауылшаруашылық өндірісіне байланысты агроландшафттық тұрғыдан негізделуі тиіс. Жерге орналастыру ғылымында соңғы бірқатар жылдары агроландшафттық жерге орналастыру түсінігі қалыптасқан. Әдетте агроландшафт деген ауылшаруашылық өндірісі мақсаттары үшін және соның әсерінен қалыптасқан өзінің құрылымы бар ландшафт деп түсіндіріледі.[7] Мысалы, агроландшафттың алқаптық түрін ұйымдастыру кезінде территорияны ұйымдастырудың ауыспалы егістер, танаптар, жұмысшы учаскелер және т.б. түрлері жобаланады. Агроландшафттық жерге орналастыру дегеніміз ауылшаруашылық кәсіпорындар жерлерін тиімді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру және жергілікті жердің табиғи-генетикалық әртүрлілігін жан-жақты ескере отырып, олардың территориясын реттестіру. Бірқатар ғылыми жұмыстарда территорияны ландшафттық негізде ұйымдастыру талаптары келтірілген.[8] Оларды тұжырымдай отырып, агроландшафттық негізде ішкішаруашылық жерге орналастыру кезінде келесідей талаптар орындалуы тиіс деген қорытынды жасауға болады:

1) Агроландшафттар территориясын пайдалану жөніндегі жерге орналастырулық шаралар территорияның ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты жобалануы тиіс;

2) Территорияны ұйымдастыру барысында ауылшаруашылық алаптардың пайдаланылуын экологиялық тұрғыдан негіздеу және агроландшафттардың тұрақтылығын арттыру үшін, жағдай жасауды қамтамасыз ету;

3) Агроландшафттар мен олардың компоненттерін қалыптастыру

кезінде олардың динамикасы мен даму процестерін есепке алу негізінде олардың пайдаланылу режимін анықтау қажет. Бұлардың бәрі ішкішаруашылық жерге орналастырудың маңызды элементтері және территорияны агроландшафттық микроаймақтаудың төмендегідей әдістемесі бойынша орындалады.

1. Ландшафттық жағдайларды талдау. Ландшафттық жағдайларды талдау кезінде ландшафттық картада көрсетілетін ландшафттың морфологиялық құрылымы зерттеледі.

2. Территорияның агрошаруашылықтық пайдаланылуын талдау. Әрбір жер учаскесінің негізгі агрошаруашылықтық пайдаланылуы жердің жер-кадастрлық классификациясы және шаруашылықтың жер-кадастрлық кітабында көрсетілген, жарамдылық категориясы мен классы жөніндегі әдістеме бойынша анықталады.

3. Территорияның эрозиялық қауіптілігін талдау және бағалау. Қазақстанның агроландшафттары топырақтың су және жел эрозиясына ұшырауға бейімділігін ескере отырып, топырақты эрозиядан қорғау шараларын қарастыру қажет. Яғни эрозияға ұшыраған топырақтар бөлініп көрсетіледі, эрозиялық қауіптілік категориясы анықталады және оларды пайдалану шаралары белгіленеді. Ол үшін топырақ-эрозиялық зерттеулер негізінде эрозиялық процестердің пайда болып даму қауіпі бар территориялар анықталады. Топырақтың шайылу қарқындылығы картасының негізінде эрозиялық процестерді жою жөніндегі шаралар белгіленеді.[6]

Экологиялық біртекті учаскелердегі топырақтың құнарлылығы балл бонитетпен, жыртылған жердегі ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығымен бағаланады. Бастапқы ақпарат ретінде топырақ зерттеу материалдары қолданылады. Кейінірек бұл көрсеткіштер егістік алқаптарының құрылымын анықтау, ауылшаруашылық дақылдарды жердің құнарлығын ескере отырып, жұмысшы учаскелерге немесе ауыспалы егіс танаптарына орналастыру кезінде пайдаланылады. Екіншілік жүйесі мен оның басты тізбегі ауыспалы егістер арқылы ландшафтты тұрақтандыратын функция күшейетіндігі белгілі. Ауыспалы егістерді орналастыруға әрбір подурочищаның топырақ-экологиялық жағдайын талдау ықпал етеді. Топырақтың қасиетіне, бедер жағдайына, деградациялық процестердің сипатына байланысты пайдалану қарқындылығы ескеріле отырып, категориялар бойынша жер контурлары бөлінеді. Пайдаланылу қарқындылығы бірдей және белгілі бір ауылшаруашылық дақылдар жиынтығын өсіру үшін жарамды жер учаскелері бір агроландшафтқа біріктіріледі. Яғни генетикалық, геоморфологиялық, гидрологиялық белгілері, микроклиматтық жағдайлары бойынша біртекті учаскелер агроландшафт массивін құрайды. Территорияның экологиялық тұрақтылығын арттыру үшін жерге орна-

ластыру жобаларында белгіленген арнайы шаралар жүйесін жүзеге асырудың маңызы зор. Ол ең алдымен, топырақтың құнарлығын артыру және қалпына келтіру, жерді эрозиядан қорғау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылықтық, агротехникалық, орманмелиоративтік және гидротехникалық шаралар жүйесі.

Табиғи және экономикалық факторларды ескере отырып ішкішаруашылық жерге орналастыру жобасын жасау, территорияны ландшафттық негізде ұйымдастыру қажеттілігін дәлелдейді. Территорияны ландшафттық негізде ұйымдастыру топырақтың су эрозиясынан қорғалуын қамтамсыз етеді. Сонымен қатар, ландшафтты ескере отырып жасалған ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларында экономикалық тиімділігі артады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 Землеустроительное проектирование: Учебник /под ред. Гендельман М.А. Астана: ЭВЛЮ, 1999.

2 Волков С.Н. Землеустройство. Т.2. Землеустроительное проектирование. Внутри-хозяйственное землеустройство. - М.: Колос, 2001.

3 Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель РК. – Астана, 2015 .

4 Сулин М.А. Землеустройство. - СПб.: Издательство «Лань», 2005.

5 Варламов А.А. Организация территории сельскохозяйственных землевладений и землепользований на эколого-ландшафтной основе. Учеб. пособие/А.А. Варламов М.: ГУЗ, 1993.

6 Рыскин Н.В. Агроландшафтное землеустройство сельскохозяйственных предприятий как основа рационального использования земельных ресурсов региона// Регионология. – 2004.

7 N.Ozeranskaya, T.Karbozov, A.Bekturganova, B.Zhuparkhan, V.Kononova. Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>.

8 Озеранская Н.Л. Анализ и оценка ландшафтных условий при землеустройстве Материалы Международной науч.-практ. Онлайн-конференции «Глобализация и развитие современного общества», посв. 60-летию Ж.Ж. Касым, проф., Ректора академии «Кокше», 1-2 декабря 2011. –С.41-44.

Ғылыми жетекші: Унышева Н. К.